

Жекешелендіру объектілерін сатудағы сауда-саттықты реттейтін нормативті актілерге толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 12 ақпан N 79. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 10 наурызда тіркелді. Тіркеу N 38. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2000 жылғы 25 тамыздағы N 195 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 маусымдағы N 1260 " Мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру, қаржы тәртібін нығайту және Қарағанды облысында экономикалық реформаларды жеделдеу және тереңдету жөніндегі шаралары туралы" қаулысында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1642 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 562 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысына сәйкес және мемлекеттік меншіктегі өтімсіз объектілерді сату процесін жеделдету мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті қаулы етеді:<*>

ЕСКЕРТУ. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 қаулысымен .

1. 1996 жылғы 22 ақпандағы N 60 "Жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

а) 1.1.5. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.1.5. Объекті бойынша сауда-саттықта Қатысушы " - Объектінің сауда-саттығына келісетіндігін көпшілікке өз номерін көтеру арқылы білдіретін **Қ а т ы с у ш ы** " ;

ә) 3.2. тармақ бірінші сөйлемнен кейін мынадай сөздермен толықтырылсын:

"Аукционшы сауда-саттық басталар алдында әрбір объекті бойынша объектілердің сауда-саттығына Қатысушылардың санын белгілейді. Егер объектінің сауда-саттығына Қатысушылардың саны екеуден кем болса, онда сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланады, үшінші және одан кейінгі сауда-саттықтан басқа жағдайда объекті жалғыз ғана қатысушыға сатылуы мүмкін" одан әрі тексті бойынша.

2. 1996 жылғы 7 ақпандағы N 37 қаулымен бекітілген "Акциялардың мемлекеттік пакетін аукциондарда сатудың тәртібі туралы Ережеге" мынадай

толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

а) 1.1.4. мынадай редакцияда жазылсын:

"1.1.4. "Лот бойынша сауда-саттыққа Қатысушы" - Лоттың сауда-саттығына келісетіндігін көпшілікке өз номерін көтеру арқылы білдіретін Қатысушы";

ә) 1.2.2. тармақ алынып тасталсын. 1.2.3. және 1.3.4. тармақтар 1.2.2. және 1.2.3. тармақтар болып есептелсін;

б) 3.2. тармақтың бірінші сөйлемінен кейін мына сөздермен толықтырылсын:

"Аукционшы сауда-саттық басталар алдында әрбір лот бойынша лоттың сауда-саттығына Қатысушыларды белгілейді. Егер лоттың сауда-саттығына Қатысушылардың саны екеуден кем болса, онда сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланады, үшінші және одан кейінгі сауда-саттықтан басқа жағдайда лот жалғыз ғана қатысушыға сатылуы мүмкін" одан әрі тексті бойынша;

в) 3.3.1. тармақтағы "Лот бойынша сауда-саттықты, лот сауда-саттығына кемінде екі сатып алушы қатысқан жағдайда өткізуге болады" деген сөздер алынып тасталсын.

Төраға